

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
26.02.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 26.02.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайылов мырзаға беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қарауға енгізілді.

Қырғыз Республикасы екі жыл ішінде үшінші елдермен шекарадан өткізу пункттерін жайластыруды және материалдық-техникалық жарақтандыруды қамтамасыз ету міндеттемесін өзіне алды.

Мерзімдерді ұзартуға Қырғыз тарапы бастама жасады және өткізу пункттерін жаңғырту жұмыстарын аяқтау үшін қосымша уақыттың қажет екенін көрсетті.

Мемлекеттердің басшылары Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысының шеңберінде 24 айдан 48 айға, яғни 2019 жылдың 12 тамызына дейін өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойды.

Дегенмен бұл мерзімде де Қырғыз тарапы үлгерген жоқ. Осыған орай 2019 жылғы 29 мамырда Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттердің басшылары Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңес отырысының шеңберінде 48 айдан 72 айға, яғни 2021 жылдың 12 тамызына дейін өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойды. Алайда бұл жақын арада сіздердің қарауларыңызға енгізілетін басқа хаттаманың нысаны болады.

Хаттаманы ратификациялау Қазақстан тарапы үшін ешқандай салдарларға әкеп соқтырмайды және өзгеріс енгізу заңды сипатқа ие.

Сіздерден осы хаттаманы ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Қаралып отырған хаттамаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы Қырғызстанның өткізу пункттерін жаңғырту мерзімі ұзартылады.

Бұл ретте Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекет басшыларының шешіміне сәйкес аталған жаңғырту 2015 жылғы тамызда басталғанын атап өткім келеді.

Осыған байланысты Қырғызстанның өткізу пункттерін Еуразиялық экономикалық одақтың талаптарына сәйкес материалдық-техникалық жайластыру және тиісті жабдықтармен жиынтықтау бойынша қазірдің өзінде қандай жұмыстардың жүргізілгенін және тағы да қанша өткізу пункті жаңғыртуға жататынын түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасында Қырғызстан учаскесінде 22 өткізу пункті бар, оның 14-і жұмыс істейді және ол 14-і жаңғыртуға жатады. Ол Қырғызстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одаққа кірген кезде тиісті Жол картасында бекітілген болатын. Қазіргі таңда сол 14-тің 8-і жаңғыртылды. Оның екеуі Қытай шекарасында, бесеуі Өзбекстанның және біреуі Тәжікстанның шекарасында.

Тағы төрт өткізу пунктін жаңғырту жұмыстары жақында бітеді. Және осы жылдың соңына дейін тағы екі өткізу пункт бойынша жаңғырту жұмыстары бітеді. Ол пункттер Өзбекстан мен Тәжікстанның шекарасында. Жалпы, Ресей Федерациясы Қырғызстанға техникалық көмек шеңберінде 200 миллион доллар бөлген және ол жұмысты «Ростех» компаниясы жүргізіп жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бопазов Марат Дәрібекұлына беріледі.

БОПАЗОВ М.Д. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым жаңа әріптестерімнің қойған сұрағының жалғасы болып табылады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Өздеріңіз білетіндей, біздің еліміздің Қырғызстанмен ұзындығы 1 мың километрден астам ортақ шекарасы бар. Бұл ретте, жаңа айтылғандай, Қырғызстанның кедендік өткізу пункттерінің бәрі бірдей әзірше тиісті жете тексеру жабдығымен жиынтықтау бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың талаптарына сәйкес келе бермейді.

Бұл жағдай көршілес республикадан контрабанданың ықтимал кіруі бөлігінде Қазақстан үшін белгілі бір қауіп-қатер төндіруі мүмкін екені түсінікті.

Осыған орай еліміздің мемлекеттік кіріс органдары аталған тәуекелдер бойынша қандай шаралар қабылдап жатқанын айтып берсеңіз. Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Екі ел арасында шекараның үстінде кедендік бақылау жүргізілмейді. Осыған орай Қырғыз Республикасынан контрабандалық тауарларды Қазақстанға алып келу мүмкіндігі өте жоғары. Осындай тәуекелдер бар екені рас. Өткізу пункттерін техникалық жабдыктандыруға ғана емес, жалпы, кедендік және салықтық әкімшілік ету жұмыс сапасының төмендігіне байланысты. Мысалы, жоқ тұлғаларға тауарларды ресімдеу немесе жалған транзит немесе тауарлардың құнын төмендетіп көрсету фактілері бар. Біз былтыр 8 мыңға жуық осындай фактілерді анықтадық. Импортқа салынатын қосылған құн салығының айтарлықтай сомасы біздің бюджетке толық түспеуіне осы себеп болып отыр. Сондықтан бұл мәселені біз Еуразиялық экономикалық одақ кеңесінің отырысында егжей-тегжейлі қарағанбыз.

Қандай шаралар қабылдап отырмыз? Ең алдымен біз Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен сатуға әкелінетін тауарларға салықтық әкімшілендіруді күшейттік. Ол 37 өткізу пункті Ресеймен, Қырғызстанмен, оның ішінде жетеуі Қырғызстанмен. Нәтижесінде былтыр біз Еуразиялық экономикалық одақтан әкелінген тауарларға салынатын қосылған құн салығының көлемін 22 пайызға ұлғайттық. Соның ішінде біз Қырғызстаннан келетін тауарлар бойынша қосылған құн салығының көлемін 30 пайызға көбейттік. Қырғызстан тарапына нақты шараларды, яғни тауарларға электрондық түрде ілеспе құжаттамаларды енгізуді, электрондық құлыптарды пайдалануды, деректер мен тауарлардың құнының сәйкестігін анықтауды ұсындық. Және біз өткен аптада Еуразиялық экономикалық одақ кеңесінде бұл мәселені Еуразиялық экономикалық одақтың 2025 жылға дейінгі стратегиясына енгізуді ұсындық, бізді басқа тараптар қолдады. Және осы жұмысты әрі қарай біз жүргізетін боламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Әлихан Асханұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Балиева Зағипа Яхьяқызына беріледі.

БАЛИЕВА З.Я. Рақмет, Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Баяндамашы қаралып отырған хаттаманың негізгі аспектілері туралы баяндап берді, мағынасын түсіндіріп берді.

Хаттамаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасындағы қырғыз кеден өткізу пункттеріне модернизация жұмыстарын толық аяқтау үшін қосымша мерзім ұсыну бөлігінде хаттамаға өзгерістер енгізуге Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер келісім беруі тиіс. Екі өзгеріс болады. Бірінші өзгеріс бүгін қаралып отыр – ол 24 айдан 48 айға мерзімін ұзарту.

Заң жобасы жұмыс тобы мен бас комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды.

Мәжіліс комитеттерінің бәрі хаттаманы оң бағалады.

Құрметті әріптестер, осы айтылғандарды ескере отырып, ратификациялауға ұсынылған заң жобасын мақұлдап Сенатқа жіберуді өтінемін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Зағипа Яхьяқызы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ержан Құдайбергін Төлепұлына беріледі.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Бірінші кезекте, еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 25 жыл бұрын ұсынған еуразиялық интеграция туралы идеясы мемлекетаралық деңгейде және қоғамда қолдауға ие болғанын атап өткім келеді. 2014 жылы осы идеяның басты іске асуы Еуразиялық экономикалық одақ құру болғаны сөзсіз.

Еуразиялық интеграция жобасы өзінің тиімділігін толық көлемде дәлелдеді. Бүгін Еуразиялық экономикалық одақ – бұл сыртқы сауда айналымы 750 миллиард доллардан асатын үлкен нарық. Жалпы ішкі өнім 2 триллион долларды құраса, ал халық 180 миллион адамнан асады. Бірлестікке мүше мемлекеттер өсудің оң серпінін қамтамасыз етті, сыртқы және өзара сауда көлемдері едәуір артты.

2015 жылғы 12 тамызда Армения, Беларусь, Қазақстан және Ресеймен қатар Қырғызстан да одақтың толық құқықты мүшесі болды.

Қаралып отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттер басшыларының 2018 жылғы 14 мамырда қол қойған заң жобасымен Қырғыз Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерін жайластыру және материалдық-техникалық жарақтандыру мерзімін тағы екі жылға ұзарту ұсынылады.

Баяндалғанның негізінде заң жобасын қолдауды және оны Сенатқа қарауға жіберуді ұсынамын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Сондықтан басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 103, «жақтағандар» – 103. Қаулы қабылданды.



Құжаттамамен ұлттамамыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Шайтанбаева.